

### «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы туралы ереже

1. Ерікті «Адал Ұрпақ» мектеп клубының Негізгі мақсаттары мен міндеттері мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру, жемқорлыққа төзбеушілікті нығайту бойынша ынталыларды мадақтау, жемқорлыққа қарсы сипатты шаралар ұйымдастыруға қатысу болып саналады.

2. **Ұжым: 1-11** сынып оқушылары.

#### 3. Құрылымы

Ерікті «Адал Ұрпақ» мектеп клубы келесі сипатты секциялардан құралған:

- Жемқорлыққа қарсы білімдер;
- жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық;
- жаппай- мәдени іс шаралар.

3.1 Жемқорлыққа қарсы білімдер секциясы дәрістер, «дөңгелек үстелдер» және басқа да ағартушылық шараларын ұйымдастыруға қатысады.

3.2 Жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық секциясы үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар шаралары мен сайыстарын ұйымдастыруға қатысады.

3.3 Жаппай - мәдени іс шаралар секциясы науқандар, флэшмобтар, диалог алаңдарын, қоғамдық, ардагерлер ұйымдарымен, мемлекеттік органдармен кездесулер және де басқа әлеуметтік-мәндішаралар ұйымдастыруға қатысады.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы 3 секцияда жұмыс істейді.

1. Жемқорлыққа қарсы білім секциясы- дәрістер, дөңгелек үстел және басқада ағарту шараларын ұйымдастыруға қатысады;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясы- бейнероликтер мен сурет байқауын өткізуге ұйытқы болады;
3. Мәдени –көпшілік іс-шаралар секциясы- флэшмобтар дайындап қоғамдық ұйым өкілдерімен кездесулер өткізеді.